



**«Қарағанды техникалық
университеті» КЕ АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен
(30.09.2021 ж. № 7 хаттама)
БЕКІТІЛДІ**

**«Қарағанды техникалық университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін
тағайындау тәртібі, еңбекақы мен сыйлықақы мөлшері мен төлеу
шарттары туралы
ҚАҒИДА**

Қарағанды - 2021

1. Жалпы қағидалар

1.1 Осы «Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібі және еңбекақы мен сыйақы мөлшері және төлеу шарттары туралы қағида «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне, «Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау тәртібі

2.1 Қоғамның Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, Қызмет басшысы мен мүшелерін лауазымға тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

2.2 Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қызмет қызметкерлерімен еңбек шарттарын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Басқарма Төрағасы - Қоғам ректоры жасайды.

2.3 Қызмет басшысының және қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері, құқықтары, жауапкершілігі мен жұмыс тәртібі Ішкі аудит қызметі туралы Қағидамен, еңбек шартымен, лауазымдық нұсқаулықтармен, қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен белгіленеді.

3. Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары

3.1 Қызмет басшысы келесі біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1) Экономика және қаржы және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржылық менеджмент және/немесе қаржы және кредит салаларындағы жоғары кәсіптік білімі, мүмкіндігінше ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық салада және/немесе юриспруденция саласында қосымша білімі бар;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі

- кемінде үш жыл;

3) басшылық лауазымдағы жұмыс тәжірибесі - кемінде екі жыл;

4) Қазақстан Республикасының, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін білу;

5) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal AuditorsInc) әзірлеген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық ішкі

аудиттің кәсіби стандарттарын, Халықаралық аудит стандарттарын (МСА) білгені дұрыс;

б) қосымша арнайы даярлығы болғаны дұрыс, атап айтқанда «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған «аудитор» біліктілік куәлігінің және/немесе CIA (Certified Internal Auditor) ішкі аудит саласындағы сертификатының және/немесе ACCA (Association of Certified Chartered Accountants) алқаби бухгалтері сертификатының және/немесе DipIFR (Diploma in International Financial Reporting) дипломының және/немесе CIPA (Certified International) халықаралық кәсіби бухгалтер сертификатының болуы кәсіби есепші), және/немесе диплом DipPIA (Diplomain Proffessional Internal Auditor);

7) мемлекеттік және шет тілдерін білгені жөн.

3.2 Қызмет қызметкері келесі біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1) экономика және қаржы және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржылық менеджмент және/немесе қаржы және кредит салаларындағы жоғары кәсіптік білімі, мүмкіндігінше ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық салада және/немесе юриспруденция саласында қосымша білімі бар;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі

- кемінде екі жыл;

3) Қазақстан Республикасының, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін білу;

4) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарын, Халықаралық аудит стандарттарын (ХАС) білгені дұрыс;

5) аудит және/немесе есепке алу және қаржылық менеджмент саласында сертификаттың және/немесе біліктіліктің болғаны дұрыс;

б) мемлекеттік және шет тілдерін білгені дұрыс.

4. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттары

4.1 Қызмет қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзгеруі мүмкін.

4.2 Қызмет қызметкерлерінің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға материалдық мүдделілігі мақсатында жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы/сыйлықақы төлеу жүргізілуі мүмкін.

4.3 Жыл бойғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы/сыйлықақы мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі қызметтің әрбір қызметкерінің қызметін бағалауға жеке көзқарас негізінде айқындайды және қызметтің жылдық

аудиторлық жоспарын орындаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне байланысты болады.

5.Қорытынды қағидалар

5.1. Осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционерінің бастамасы бойынша енгізілуі мүмкін.